

## Денсаулық сақтау министрлігінің қаржы мәселелері

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 12 ақпандағы N 0069

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне техника сатып алуға, сақтандыру полистерін, бланк өнімдерін әзірлеуге, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы республикалық бағыныстағы ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударатын сақтандыру төлемдері арқылы Міндетті медициналық сақтандыру қорына жіберілетін аударымдар есебіне, кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорына аударылатын болып 10 /он/ миллион теңге бөлсін;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорымен бірлесіп осы өкімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры туралы" N 1295 P951295\_ қаулысының 3-тармағында қарастырылғанға сәйкес, Қорға бөлінген сомаларды есептеу тетігін бір ай мерзімде айқындасын.

Премьер-Министр